

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

безендірілуде де діни көріністерді пайдаланды. Бұл жұртшылықтың өз дінімен көбірек танысуын қамтамасыз етті және олардың мәдени болмысын қалыптастыруына әсер етті.

Жапонияның оқшаулануындағы тағы бір маңызды оқиға орта таптың баяу өсуі болды. Дәстүрлі билеушілер болған самурайлар табының күші әлсіри бастады. Жапонияның қалалық тұрғындарының саны өсті. Саудагерлер мәдениетті және талғампаз болып, жапон өнерінің, эстетикасының және мәдениетінің дамуына үлес қосты. Жапонияның сегунаты технологиялық жетістіктер мен инновацияларға кедергі келтірді, нәтижесінде жаңа қарулар мен құралдар жасалды. Ауыл шаруашылығы мен көліктегі инновациялар Жапонияның көптеген азаматтарының өмірін жақсартты.

Дегенмен, Жапонияның оқшаулануы мәдени жетістіктердің көбеюіне ықпал етсе де, елдің экономикалық дамуына біраз кері әсер етті. Басқа елдермен байланыссыз және саудасыз Жапонияның экономикасы мен қоғамы әлемнің басқа елдерімен бірге жүруге тырысты. Нәтижесінде Жапония мемлекетті сыртқы ықпалға және саудаға ашу қажеттілігін мойындады, бұл Мэйдзи дәуіріндегі қалпына келтіруге бағытталған реформалар мен Жапонияның модернизацияға көшу алғышарттарына әкелді.

Қорытындылай келе, жапон тарихындағы Сакоку кезеңі укио-э мен Кабуки театрының өркендеуінен бастап әдебиет пен хайку поэзиясының жетілуіне дейінгі ел ішіндегі елеулі мәдени оқиғалардың өрбуімен сипатталады. Бұл кезеңде Жапония тарихы үшін бұл дәуір рухани, мәдени және қоғамдық құндылықтардың қалыптасуына маңызды болды және осыған фактор ретінде Жапонияның географиялық және өз кезеңіне сай саяси жағдайы ұлттық болмыстың одан сайын ерекшеленуіне өз үлесін қосты.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Нэнси Сталкер. Япония. История и культура: от самураев до манги. М., 2020 (ағылшын тілінен аударылған). 577-617 бб.
2. <https://cyberleninka.ru/article/n/sakoku-vo-vneshney-politike-yaponii-politika-samoizolyatsii> (Есепке алынған күн: 01.03.2023).
3. <https://cyberleninka.ru/article/n/istoki-svoeobraziya-yaponskoy-kultury> (Есепке алынған күн: 10.03.2023).

УДК 297.1

#### **КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ «ЖАҢА ИСЛАМ ТОЛҚЫНЫ» (XXI ғ. басы)**

**Мухамедғалиева Айдана Кенжеболатовна**

aidana\_mk1203@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ шығыстану мамандығының 3 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Б.Ж. Абжаппарова

Әлемдік деңгейде Ислам діні таралуы бойынша орта ғасырлардан, яғни VII ғасырдан бастау алады. Оның бастаушысы Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) екендігі бәрімізге аян. Қазіргі таңда Ислам діні әлемдік діндер қатарында христиандық және буддизм діндерімен қатар кең таралған. Әлемде шамамен 1 млрд-тан астам адам Ислам дінін ұстанады. Ислам діні

орта ғасырлардан бері адамдар арасында кең етек алып тез қарқынмен тарала бастады. Қазіргі кездің өзінде ұстанушылар саны жағынан үлкен көрсеткішке жетуде. Қиыр Шығыста орналасуына қарамастан, Ислам діні Корея Республикасына да жеткен болатын. XX ғасырдың 60-жылдарының ортасынан бастап Оңтүстік Корея экономикасының қарқынды дамуы ел астанасы – Сеулді Таяу Шығыс аймағына қатысты сыртқы саясаттың жақсы жаққа өзгеруіне әкелді. Осы уақыт аралығында Парсы шығанағы елдерімен жақындасу, негізінен, құрылыс саласында ғана болғанына қарамастан, араб және азия, яғни екі мәдениеттің синтезі өте баяу басталды. Қазіргі статистикаға жүгінер болсақ, Корея Республикасында 46.4 %-ды атеисттер құрады, 29.4 % - христиандар, одан бөлек 19,7%-ы протестанттар, 22.9 %-ы будисттер, 7,9%-ы католиктер, 0,6%-ы басқа дін өкілдеріне жатады. Осының ішінде, шамамен, 0.2 %-ы, басқаша айтқанда 150.000 адам Ислам дінін ұстанады [1]. Алайда, мұсылмандыққа мүлдем қатысы жоқ ел үшін өсім, баяу қарқынмен болсын, байқалуда. Сарапшылардың есептеулері бойынша, 150.000 мұсылманның ішіндегі 50.000 адамы «Таңғы шық елінің» байырғы тұрғындары. Соңғы 20 жылда Ислам дінін қабылдағандар саны едәуір өсті: зерттеулерге сүйенер болсақ, 2003 жылдан бастап Корея Республикасындағы мұсылмандар саны 1,5 есеге көбейді. Бұл зерттеудің өзектілігі, ең алдымен, Корея Республикасы аумағында ислам дінінің таралу процесін зерттеу қажеттілігімен анықталады. Ислам діні Корея жеріне қалай келді әрі қазіргі кезге дейін не себепті жойылып кетпеді?

Тарихқа жүгінер болсақ, ислам діні Корей түбегінің аумағына IX ғасырда араб және парсы саудагерлері түбекке ене бастаған кезде келді. Осы саяхатшылардың кейбіреулері Кореяда қалуға шешім қабылдады, түбектің аумағы сол кезде үш мемлекетке бөлінді: Когуре, Пэкче және Силла, бастапқы екі мемлекетпен салыстырғанда ең тығыз қарым-қатынаста болғаны Силла мемлекеті. Бұл қоныс аударушылардың көпшілігі Силла тұрғындарымен некеге тұрды, осылайша олар Корей түбегінің аумағында алғашқы мұсылман қауымын (үммет) құрды. Алайда, XIV ғасырда елдің аумағы Чосон деп аталатын бір біртұтас мемлекетке біріктірілгеннен кейін ислам діні шеттетіле бастады. Ислам діні Оңтүстік Кореяда 50-ші жылдары баяу, бірақ сенімді түрде тарала бастады. XX ғасыр. осы кезде исламның таралуының басталуына, ең алдымен, түрік мұсылмандары ықпал етті. Қазіргі Корея Республикасы аумағында Ислам дінінің қайта жандануы 1950-1953 жылдары болған Корей соғысындағы БҰҰ-ның миссиясымен келген «Солтүстік жұлдыз» деп аталатын жаяу әскер бригадасын ел аумағына кіруіне байланысты, әсіресе түрік армиясының құрамында болған түрік имамдары – Абдуррахман, Абдулғафур Караисмаилоғлы және Зубейр Кочтан бастау алады. Бастапқыда шатырлы мешіттер мұсылман - түрік сарбаздарына арналғанымен, кейіннен корейлер үшін ағартушылық діни орталықтарға айналды. Соғыс уақытында жасалынған гуманитарлық миссияның арқасында Кореяға келген түріктер жергілікті тұрғындар арасында өте жақсы әсер қалдырды. 1953 жылы соғыс аяқталысымен Корея Республикасында аз да болса мықты үммет құрылды. Корей соғысының соңына қарай 100-ге жуық корейлер мұсылман дінін қабылдады. Соның нәтижесінде дінді одан әрі дамытып тарату мақсатында 1955 жылдың қыркүйек айында Корея Ислам қоғамы құрылды. Бір таңғаларлығы, жоғарыда аты аталып кеткен А. Караисмаилоғлының дінге байланысты оқылған дәрісінен кейін, бірден, 57 корей азаматы өз сенімдеріне куә болды. Бұдан бөлек бір жылдан кейін Сеул әскери легерінде уақытша мешіттің ашылуымен қатар 58 адам шахаданы (куәлікті) өз ауыздарымен жеткізді. Осылайша XX ғасырдың жартысында Корея Республикасындағы корей мұсылмандарының саны 208 адамға дейін жетті.

1967 жылы Корея Республикасында ел мұсылмандарының мүдделерін білдіретін Корей Ислам Ұйымы құрылады. Мұсылман дінін тарату ісіндегі корей мұсылмандарының табандылығын түсіну үшін Корей Ислам Ұйымы бекіткен дағуат принциптерімен танысу жеткілікті деп санаймын. Сонымен бірге, әр мұсылман ай сайын өзімен бірге үш адамды намазға алып келуге, мұсылман емес достарының үйлеріне белсенді баруға, Ислам діні туралы ақпарат таратуға және араб тілін үйренуге әрі үйретуге міндетті болды. Осы сынды Корея Республикасында құрылған мұсылман қауымдастықтары Оңтүстік Азия және Оңтүстік-Шығыс Азия бөліктерінде орналасқан Малайзия мен Пәкістандағы сенімдері бір бауырлармен байланыс орната бастады. Одан бөлек Пәкістан азаматтары білім беру және материалдық жағынан көп көмегін көрсетті.

Ислам дінінің Корея Республикасы аумағында таралуының ең жоғары сәті XX ғасырдың 70-жылдарының ортасына келеді. 1970 жылдардың басынан бастап Корея Республикасы Парсы шығанағы аймағындағы елдермен қарым-қатынас салаларын кеңейтуге бағытталған белсенді саясат жүргізе бастады. Дәл осы уақытта Оңтүстік Корея компаниялары, алдымен, тұрғын үй құрылысына, кейінірек электр станцияларына (Сауд Арабиясы), тіпті, атом электр станцияларына (БАӨ) келісімшарттар ала бастады. Корея Республикасының құрылыс саласында жұмыс атқарған компаниялары Таяу Шығыста жұмыс жасауларына байланысты елдегі ислам дінінің одан әрі кең етек алуы корей-араб қатынастарының дамуына байланысты жаңа серпін алды. Қиыр Шығыстан миллиондаған азаматтар араб елдеріне ақша табуға барып, соның нәтижесінде көпшілігі ислам дінін қабылдап, отандарына оралған кезде байырғы мұсылмандар қатарын толтыра түседі. Корей-араб ынтымақтастығының белгісі ретінде 1976 жылы Сеулде көптен күткен мешіттің құрылысын айта аламыз. Сеул орталық мешітінің ауданы - 5000 шаршы метр, сыйымдылығы - 1500 адамға дейін жетеді. Мешіттің ашылуы Сеул тұрғындары арасында мұсылмандардың көбеюіне ықпал етті. Осылайша, 1976 жылы Оңтүстік Кореяда тек мұсылмандардың саны 3700-ге дейін жетті. 2 жылдан кейін бұл көрсеткіш 4 есеге өсті, яғни мұсылмандардың саны 15.000-ға жетті. Ал 1978 жылы 132 адамнан тұратын корей мұсылмандарының ең алғашқы тобы қасиетті Меккеге қажылық жасады. Кореядағы мұсылмандардың артуына байланысты 1980 жылы Пусан және Кванджу қалаларында жаңадан мешіттер ашылды. Корея Республикасындағы мұсылмандарға түрлі салаларда жан-жақты қолдау көрсетілуде. Мәселен, 2000 жылдары Парсы шығанағы елдерінің бірі Сауд Арабия ханзадасы Сұлтан ибн Абдулазиз медресенің ашылуына үлкен үлесін қосып, 300.000 доллар қаражат бөлді. Дегенмен, аталған медреседе тек мұсылмандық білімнің негіздері ғана үйретіледі. Жалпы елдегі бірде-бір жоғары оқу орнында ислам бағыты қарастырылмаған. Ханкук университетінің құрамында құрылған Таяу Шығыс институтында ислам діні тек христиан діні тұрғысынан зерттелуде, яғни елде тікелей мұсылман дініне терең әрі толықтай назар аударылмайтындығын талдай отырып, бірнеше дәлел келтірдік. Алайда, білім саласында Сауд Арабиясының қосар үлесі мұнымен шектелмейді. Қазіргі уақытта араб мемлекеті жас корей азаматтарының Таяу Шығыста тегін білім алуына арналған бағдарламаларды қаржыландырып отыр.

Оңтүстік Кореяда халал (таза) тағамдарды табу мұсылмандар үшін үлкен қиындықты туғызады. Алайда, мұсылмандар тұратын аудандарда халал (таза) дүкендер мен кафелерді көруге болатынына қарамастан, бұл аудандардан тыс жерлерде проблемалар баршылық. Сеулде 1983 жылдан бері ашылған Халал өнімдерінің бір ғана дүкені бар. Ал ислами жолда құрбандық шалу рәсімін жасау үшін мұсылмандар ауылдарға баруға мәжбүр. Бұдан бөлек, қоғамның көптеген жылдар бойы шеше алмай жүрген мәселелерінің бірі - елдегі мұсылман

зиратының болмауы. Тек 2002 жылы Катар мемлекетінің қаржыландыруымен осы мәселелерді шешу мақсатында Чхонджу қаласында 3800 шаршы метр жер учаскесін сатып алуға мүмкіндік туды. Бірақ бұл да кемеліне жетпеді. Корей заңдарына сәйкес зираттарға арналған учаскелер 60 жылға ғана жалға беріледі – бұл тек мұсылмандарға ғана емес, барлық діндердің өкілдеріне де қатысты. Сондықтан жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін, яғни 2062 жылы бұл жерді барлық сүйектерден тазарту немесе өрттеу қажеттілігі туындайтын болады. Қазіргі таңда Корея Мұсылмандары Федерациясы тұрақты зиратты иемдену үшін аянбай бар күшін салуда. Дінге жаңадан бет бұрған мұсылмандардың отбасымен жиі кездесетін проблемалары да бар, өйткені исламды қабылдау, көбіне, өмір салтының күрт өзгеруіне әкеледі, бұл ұлттық дәстүрлері қатты дамыған әрі құрметтелетін Кореяда өте ауыр қабылданады. Мысалы, ата-аналарды құрметтеу мәдениеті жоғары мәртебеге ие. Оларға құрмет көрсете отырып, отбасыларда ата-ананың алдында жерге тағзым ету әдетке айналған. Сондай-ақ, алкоголь әлеуметтік коммуникация мен өмір салтына айналған құрал ретінде қызмет етеді. Іскерлік түскі ас кезінде немесе достарыңыз бен отбасыңыздың ортасында ұсынылған алкогольдік сусыннан бас тарту – дәстүрді және адамдарды қорлау болып есептеледі. Мұның бәрі дінге келген мұсылмандардың бұрынғы ортасымен байланысын жиі немесе толығымен үзуіне, сондай-ақ мұсылман елдеріне қоныс аударуына әкеледі. Мұндай нәтижелер, әрине, елдің демографиясына да әсер етпей қоймайды.

Бұдан бөлек ел астанасы - Кенгидо провинциясында орналасқан Сеул қаласының тұрғындарынан алынған әлеуметтік сауалнама барысында бірнеше мәлімет жинақтап, жаңа ақпараттар алдық. 10 сұрақтан тұратын сауалнама 18 корей студентінен алынды. Қойылған сұрақтар мен алынған жауаптарды талдайтын болсақ, мынадай нәтижелерге қол жеткіздік. Студенттер арасында мұсылман дінін ұстанатындары немесе мұсылман достары жоқ, сондай-ақ 16 студент мешіттерге мүлдем кіріп көрмесе, 2 студенттің біреуі қызығушылық танытып Итэвон ауданында орналасқан мешітке кіріп, екіншісі мектеп оқушыларына арналған экскурсияда мешітке кірген екен. Ал корей қоғамында Ислам дініне қандай көзқарас қалыптасқан деген сұраққа теріс немесе белгісіз деген жауаптар жазылды. Әлемде болып жатқан терроризм мен экстримизм кесірінен корей халқында мұсылмандарға, мұсылман елдеріне, жалпы мұсылмандыққа деген теріс пікір қалыптасты. Жүргізілген сауалнамадағы корейлер тарапынан жазылған жауаптар да бұған дәлел. Тікелей студенттірдің мұсылман дініне деген көзқарасы екі ойды қалыптастырды – бірі аталған дінді дұрыс емес, қатаң ережелер және әйел құқығының мүлдем жоқ болғанын жазса, енді бірі діннің ұлы екендігін әрі дұрыстығын, тек адамдардың кесірінен дұрыс емес пікірдің қалыптасқанын жазды. Елде, шартты түрде айтқанда, дінді насихаттайтын қаумдастықтар жоқ болса, дінге байланысты өткізілетін іс-шаралар мен мерекелердің болуы 22,2 %-ды құрап, болмауы 77,8 %-ды құрады. Сауалнамада киім мәселесі де қозғалды. Бұл салада күнделікті өмірде корей қыздары арасында хиджаб киетіндері барма деген сұраққа бүкілі дерлік аталған киім түрінің ыңғайсыз, біртүрлі екендігін жазып, өз қоғамдарында мұндайдың кездеспейтіндігін жазды. Сонымен қатар, оқу орындарындағы ұстаздар тарапынан мұсылман студенттеріне киім немесе дін жағынан болсын қысым көрсетілетіндігін білу мақсатында қойылған сұраққа студенттердің 80%-ы жоқ, ал қалғаны ондай жағдайларды кездестірмегенін жазды. Қазақстанда мұсылмандар үшін арнайы құлшылық жасау орындары бөлінгендіктен, бұл жағдайдың Кореяда қалай екендігі бізді қатты қызықтырды. Сауалнама нәтижесінде студенттердің барлығы арнайы орындардың жоқ екендігін жазды. Сондай-ақ корей асханаларын да зерттеуді жөн көріп, халал

тағамдардың немесе асханалардың бар-жоғын сұрастыру нәтижесінде мынадай қорытындыға келдік – студенттердің 72,2 %-ы өте аз, 22,2 %-ы орташа және 5,6 %-ы халал асханалар мен тағамдардың жоқ екендігін жазды. Әлеуметтік сауланаманың қорытындысы бойынша корей қоғамында мұсылмандыққа деген теріс пікір қалыптасқанымен, мұсылман дінін ұстанушыларғы, хиджаб киген қыздарға қысым көрсетілмейтіндігін және қалыпты жағдай ретінде қарайтындығына көз жеткіздік. Әрине, тарихқа көз жүгіртер болсақ, Америкамен тікелей байланыста болған Корея Республикасы да дәл сол елдей демократиялық жолды ұстанып, әр дәнге сыйластықпен қарауда.

Корея Республикасы мен Қазақстан Республикасындағы мұсылмандар саны мен мешіттер саны бойынша арифметикалық талдау жасалып, салыстырулар жасалды. Қазақстандағы мұсылмандар саны – 13.297.800, ал мешіттер саны - 2716. Кореядағы мұсылмандар саны – 150.000, ал мешіттер саны – 85. Сәйкесінше екі елге қатысты санақтарды бөлгенде мынадай қорытындыға келдік: Қазақстан –  $13.297.800/2716 = 4896$  адам/мешіт; Корея –  $150.000/85 = 1765$  адам/мешіт. Демек, екі елдегі жағдайды салыстырар болсақ, Қазақстандағы бір мешітке шаққандағы мұсылмандар санының аздығын, ал Кореядағы бір мешітке шаққандағы мұсылмандар санының орташа, яғни қалыпты деңгейде екендігін көреміз. Басқаша айтқанда, Қазақстанда мешіттердің әлі жетіспейтіндігіне куә боламыз.

Сонда да, Оңтүстік Кореядағы мұсылман халқының саны артып келеді. Корея мұсылмандары Федерациясы бүкіл ел бойынша өз филиалдарын ашты, қазіргі уақытта осындай 15 филиал жұмыс жасауда, соның ішінде Теджон, Тэгу, Пусан, Чонджу, Кванджу, Чеджу және т.б. Алайда, елдегі мұсылмандардың көп бөлігін жергілікті тұрғындар емес, Оңтүстік Кореяға ақша табуға келетін шетелдік мұсылмандар құрайды [3:184-186]. Соңғы есептеулер бойынша, Корея Республикасында 140 мың шетелдік мұсылмандар (негізінен Пәкістан мен Бангладештен) және 35 мың корей мұсылмандары тұрады. Соған байланысты Кореяда тек 11 мешітке ғана 175.000-ға жуық адам барады екен, яғни, 1 мешітке 15.909 адамнан келеді. 2020 жылғы COVID-19 эпидемиялық ауруы кезіндегі жағдайдың өзінде мешітте намаздар оқылып, адамдар арасында 1 метр арақашықтық сақталды [2].

Корея Республикасының аумағында исламның баяу таралуына екі себеп ықпал етеді. Біріншісі - исламофобия. Алғаш рет исламға тек Оңтүстік Корея қоғамы ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлем тарапынан теріс реакцияның көрінісі 2001 жылғы 11-қыркүйектегі террорлық шабуылдан кейін пайда болды. Алайда, 2003-2011 жылдардағы Ирактағы террорлық шабуылдан кейінгі соғысқа, сондай-ақ 2007 жылдың шілдесінде Ауғанстанда Оңтүстік Корея азаматтары болған кепілге алынғандарға қарамастан., Корея Республикасындағы мұсылмандарға деген көзқарас бейтарап болып қала берді. Екінші себеп - исламда тыйым салынған, корей мәдениетінде маңызды рөл атқаратын шошқа еті мен алкогольді тұтыну. Егер корейлер арасында шошқа етін тұтынудан бас тартуды сабырлы түрде қабылдаса, алкогольді ішуден бас тарту дәрежелік ретінде түсіндірілуі мүмкін, әсіресе егер бұл сіздің мансаптық сатыңызда сізден жоғары тұрған адамның ұсынысынан бас тарту болса.

Корея басшылығы діннің елдегі бүкіл салаға әсер ететіндігін түсінуіне байланысты, бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарай бастады. Мәселен, Қытайдан келетін туристер ағынының күрт төмендеуіне байланысты Оңтүстік Корея басшылығы белгілі бір шаралар қолданып, халал туризмін дамыту үстінде. Дегенмен, бұл жергілікті тұрғындар арасында келіспеушіліктер тудыруда. Корея елі бүкіл әлемге өзінің соджуымен (алкогольмен) және шошқа етінен жасалған тағамдарымен танымал. Дегенмен де, Сеулде халал

мейрамханалары бар мұсылман көшесі бар екені бәрімізге жаңалық болғаны анық. Мұндай мекемелердің кіреберісінде арнайы жасыл жапсырма ілулі тұрады, бұл мекеме Корея Республикасының Мұсылмандар Федерациясынан "халал" сертификатын алғанын немесе ол бақылаушы мұсылмандарға тиесілі екенін білдіреді. Басқа аудандарда күлгін түсті жапсырманы көруге болады - бұл мекемеде халал тағам бар екенін білдіреді, бірақ бүгін бұл тағамдардың әзірше сатылмайтындығын хабарлайды. Мұндай жапсырмаларды шығару - Оңтүстік Корея үкіметінің елге мұсылман туристерін көбірек тартуға бағытталған бастамасы. Сонымен қатар, жақында Кореяда халал тағамдарының ауқымды фестивалі өтті, онда мұсылмандарға арналған халал тағамдары бар 100 тамақтану орны ұсынылды. Соңғы жаңалықтарға сәйкес, мемлекет танымал туристік аудандарда намаз бөлмелерін құруға 175000 доллардан астам қаражат жұмсады. Туристік агенттіктер туристік пакеттерді мұсылмандарға бейімдеп, оларға елде болу үшін қолайлы жағдай жасауда.

Алайда, ел ішінде Ислам дініне қатысты барлық дерлік жағдайлар жоғары деңгейде емес. 2018 жылы Пхенчхан Олимпиадасы кезінде туристік ұйымдардың мұсылмандарға арналған құлшылық жасау бөлмелерін салу туралы бастамасы жергілікті халықтың наразылығынан жүзеге аспады. Кореяның бұрынғы президенті Пак Кын Хе Оңтүстік Кореяда мал соятын қасапхана салуды жоспарлады, онда жануарларды сою Ислам ережелері бойынша жүзеге асырылатын еді, алайда бұл идея жаппай наразылықтарға байланысты жүзеге асырылмады. Кореядағы христиан халқы, мұсылмандардың аз болуына қарамастан (0,3 %), аймақтағы исламдандудың өсуіне қатты алаңдайды, сол себепті де жаппай наразылық білдіруде. Алайда Сингапурдан келген екі турист – Нана мен Дина Камарул исламфобиялық көңіл-күйді байқамағанын айтады. Олардың айтуынша, корейлер киімдерін қызығушылықпен қарап, әдепсіз сұрақтар қояды. Бірақ қыздар бұған сабырлы түрде жауап береді, олардың сұрақ қоюдағы әдепсіздігі исламды мүлдем білмеуімен байланысты деп ойлайды.

Кореядағы мұсылмандар, мұсылман әлемінен тыс барлық аймақтарда сияқты, түсінбеушілікке, өзіне деген көзқарасқа және қажетті инфрақұрылымның болмауына тап болса керек. Бұған этникалық корей азаматының исламды қабылдаған жағдайда көптеген таныстары мен туыстарынан бас тартуын жатқызса да болады. Өйткені, Ислам - монотеистік діні елдегі негізгі корей діні мен философиясы болып табылатын ата-бабалардың пұтқа табынушылық культімен үйлеспейді. Бірақ корей мұсылмандары болашаққа оптимизммен қарайды. Корея мұсылмандары Федерациясының бірінші хатшысының көмекшісі Ли Чжу Хваның айтуынша (Абдул Рахман Ли) «біздің Ислам дәрістері мен семинарларына мәдени және аймақтық зерттеулерге маманданған студенттер көбірек келеді. Бұл академиялық ортада Исламға деген қызығушылықтың артып келе жатқандығының дәлелі».

Мұсылман-корейлердің талпынысының арқасында Ислам елдің қоғамдық өмірінің бір бөлігіне айналуға бастады. Жүргізілген зерттеулер мен алынған ақпараттың арқасында Кореядағы Ислам дінінің жағдайы жайлы толық көрініс алдық. Мұсылман діні жат саналатын, әрі мұсылман елдері алшақ орналасқан мемлекет бола тұра, Корея аумағында мұсылмандар саны уақыт өте келе өсіп, даму үстінде. Алдағы 30-40 жылда мұсылмандардың саны артпаса, кем болмайтыны анық деген болжам бар. Қанша дегенмен де, Корея Республикасы – демократиялы мемлекет. Әр адамның құқығы сақталып, бұзылмайды. Сол секілді адамның бір бөлшегі саналатын дін де зерттелген мемлекеттегі адамдар арасында құрметтеліп, кең ауқымда таралуға бастады.



### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Религия в Корее (Южной). [https://countrymeters.info/ru/Republic\\_of\\_Korea](https://countrymeters.info/ru/Republic_of_Korea). (дата обращения 25.03.2023.)
2. Lee H. S. 1,500 Years of Contact between Korea and the Middle East URL: <https://www.mei.edu/publications/1500-years-contact-between-korea-and-middle-east> (дата обращения. 25.03.2023.)
3. Данилко А. И. Распространение ислама в Южной Корее с 50-х гг. XX в. и по настоящее время //Пивоваровские чтения. Синтетическая парадигма: наука, философия, религиоведение.—Екатеринбург, 2019. – 2019. – С. 184-186.
4. Хренов В. В. «Новая исламская волна»: мусульмане Республики Корея в начале XXI в //Уральское востоковедение. Вып. 6. – 2015. – №. 6. – С. 96-101.

УДК 343.90

### ЯКУЗА – ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСТЫҢ ЖАПОНДЫҚ ҮЛГІСІ

**Махамбетов Ернар**

inabaitami@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ шығыстану мамандығының 2 курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – К.М.Ильясова

Мақалада Жапонияда қылмыстық ұйым ретінде танылған Якузаның пайда болуы мен даму тарихы, Якуза құрылымы, Иерархия және оның ішіндегі рөлдері туралы, Якуза мүшесі болу (Иредзуми), Якуза мүшелері арасындағы қатынастар, сосын Якузаның жапон қоғамына әсері, бизнес пен экономиканы бақылау, саясатқа әсері, мәдениет пен қоғамға әсері қарастырылады. Одан кейін Якузаның мәселелері, үкімет тарапынан қылмысқа қарсы күрес, басқа мафиялық ұйымдардан бәсекелестіктің өсуі, ішкі қақтығыстар мен сатқындық мәселелері анықталады. Соңғы жағында Якузаға әлемдік көзқарас, яғни Якузаның Жапониядан тыс жерлерде таралуы, сонымен қатар Якузаның кино мен әдебиеттегі рөлі, қоғамдық пікірлер талданып, Якузаның қылмыстық ұйым ретіндегі тұжырымдары мен жалпы көзқарастар және Якузаға қатысты туындаған мәселелерді шешудің мүмкін жолдары көрсетіледі.

Қылмыс топ - бұл қоғамның заңдарын және ережелерін бұзу арқылы табыс пен пайда табуға бағытталған адамдардың ұйымдасқан топтары немесе қауымдастықтарын жүзеге асыратын қылмыстық әрекеттің бір түрі. Ол ұйымшылдықтың жоғары деңгейімен, иерархиялық құрылымымен, ішіндегі ережелер мен реттеу жүйесімен, сондай-ақ өз мақсаттарына жету үшін зорлық-зомбылық пен қауіп-қатерді қолданумен сипатталады. Осындай қылмыстық топтардың біріне ең танымалы - жапондық якуза жатады. Якуза-ұзақ тарихы бар және жапон қоғамына қатты әсері бар әлемдегі ең танымал қылмыстық ұйымдардың бірі. Ол күшті ұйымдық құрылыммен, иерархиялық байланыстармен, дәстүрлермен және мінез-құлық нормаларымен сипатталады. Якуза түнгі клубтардан бастап ойын мекемелеріне дейін әртүрлі бизнес түрлерін жүргізеді, сонымен қатар алаяқтық, зорлық-зомбылық, есірткі саудасы және басқа да қылмыс түрлерімен айналысады. Якуза Жапонияның экономикалық және саяси өміріне қатты ықпалы бар және